

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 қазандағы N 1068 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

Қазақстан Республикасы Президентінің "Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасы Президентінің  
Жарлығы Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары  
мен бостандықтарын қорғау жүйесін одан әрі  
жетілдіру туралы**

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия таратылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің "Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметін белгілеу туралы" 2002 жылғы 19 қыркүйектегі N 947 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 30, 328-құжат):

аталған Жарлықпен бекітілген Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы ережеде:

"Уәкілдің құзыреті және оны іске асыру тәртібі" деген 3-бөлімнің 15-тармағында: мынадай мазмұндағы 2-1), 2-2), 2-3) және 2-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен істі сотқа қарауда қатысуға;

2-2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа немесе прокуратураға заңды күшіне енген сот шешімін, үкімін, ұйғарымын немесе қаулысын тексеру туралы өтінішпен жүгінуге;

2-3) Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың шағымдарын қарау нәтижелері бойынша, сондай-ақ

құқықтар мен бостандықтарды бұзу туралы ақпаратты өзге де жолмен алған кезде осы мәселелер бойынша парламенттік тыңдаулар өткізу ұсынысымен Парламент П а л а т а л а р ы н а жү г і н у г е ;

2-4) адам құқықтары жөніндегі халықаралық ұйымдардың, басқа да үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының жұмысына қатысуға;"

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды адамға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізуді не қылмыстық іс қозғау туралы, сондай-ақ материалдық немесе моральдық залалды өтеу шараларын қабылдау туралы өтінішпен уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға жүгінуге;"

2) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының мәртебесі мен өкілеттігі туралы" 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1148 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы 2003 ж., N 28, 263-құжат):

4-тармақтың 3) тармақшасындағы "Адам құқықтары жөніндегі комиссия," деген сөздер алынып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы" 2003 жылғы 19 наурыздағы N 1042 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 11, 125-құжат ; 2004 ж., N 15, 183-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*